



Ластану участеклерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 151 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 30 желтоқсанда № 10042 тіркелді.

Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 9 қантардағы Экологиялық кодексінің 17-бабының 29) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Laстану участеклерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу, бақылау және мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциялау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуден өтуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде оның мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялауға бұқаралық ақпарат құралдарына және "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйесіне жолдануын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

В. Школьник

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2014 жылғы 27 қарашадағы
№ 151 бұйрығымен
бекітілген

Laстану участеклерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидалары

1. Laстану участеклерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қантардағы Экологиялық кодексінің 17-бабы 29) тармақшасына сәйкес әзірленді және Laстану участеклерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін айқындаиды.

2. Ластану участекелерінің мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі - тізілім) онда ластану участекелерінің түрлері мен шығу көзі, олардағы ластаушы заттардың көлемі мен шоғырлануы, ластану участекелерінің тиесілілігі мен оларды жою жөніндегі шаралар туралы деректер жиналатын деректер банкі болып табылады.

3. Тізілімнің жүргізуін ұйымдастыруды қоршаған органдың қорғау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) бюджет қаржатын есебінен жүзеге асырады. Тізілім орталық және аумақтық тізілімдерден тұрады.

4. Тізілім ластану участекесінің тізілімдік паспорты (бұдан әрі - тізілімдік паспорт) негізінде жүргізіледі.

5. Әрбір ластану участекесіне табиғат пайдалануышы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімдік паспорт жасайды және оны тиісті аумақтық қоршаған органдың қорғау органына ұсынады.

6. Жаңа ластану участекесіне арналған тізілімдік паспортты табиғат пайдалануышы оны анықтағаннан кейін үш ай ішінде жасайды.

7. Тіркелген тізілімдік паспорттар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген тізілімге енгізіледі.

8. Табиғат пайдалануышыға тіркелген тізілімдік паспорттың көшірмесі беріледі.

9. Орталық тізілімді жүргізуінде уәкілетті орган жүзеге асырады.

10. Орталық тізілімді жүргізу мыналарды қамтиды:

1) ластану участекелері туралы ақпаратты орталықтандырылған жинауды;

2) орталық тізілімді өзекті етуді (жаңартуды);

3) мемлекеттік органдарды және өзге де мүдделі тұлғаларды ақпараттық қамтамасыз етуді.

11. Орталық тізілімге өзгерістер мен толықтыруларды аумақтық қоршаған органдың қорғау органдарынан келіп түскен жазбаша ақпараттың негізінде уәкілетті орган жасайды.

12. Аумақтық тізілімді жүргізу мыналарды қамтиды:

1) аумақтық тізілімге тиісті жазба енгізу жолымен ластану участекелерін тіркеуді;

2) тізілімдік паспорттарды аудандар бойынша толықтыруды және сақтауды;

3) мемлекеттік органдарды және өзге де мүдделі тұлғаларды ақпараттық қамтамасыз етуді;

4) аумақтық тізілімді өзекті етуді (жаңартуды), оның ішінде алып тастаудың күні мен негіздерін көрсете отырып, тізілімнен ластану участекесін алып тастауды.

13. Әрбір ластану участекесіне тіркеу нөмірі беріледі. Аумақтық тізілімнен алынып тасталған тіркеу нөмірі жаңа ластану участекелеріне берілмейді.

14. Ластану участекелерін аумақтық тізілімнен алып тастау аумақтық қоршаған ортаны қорғау органымен келісілген ластануды жою туралы жобаны және осы участекеде орындалған жұмыстар актісін табиғат пайдаланушының ұсынуы негізінде жүргізіледі.

15. Аумақтық қоршаған ортаны қорғау органдары аумақтық тізілімді жыл сайын 10 мамырдан кешіктірмей электрондық жеткізгішпен уәкілетті органға ұсынады, жаңа ластану участекелері анықталған жағдайда ақпарат аумақтық тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынылады.

16. Тізілімге тізілімдік паспорттардың уақтылы енгізілуін, ақпараттың дұрыстығын бақылауды, сондай-ақ ластану участекелерінің тізілімдік паспорттарын талдауды, есепке алуды, жүйелеуді, сақтауды және оларды өндөудің автоматтандырылған жүйесін құруды аумақтық қоршаған ортаны қорғау органдары жүзеге асырады.

Ластану участекелерінің
мемлекеттік тізілімін жүргізу
қағидаларына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Ластану участекелерінің тізілімдік паспорты

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 18.04.2017 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

" " 20 жылғы есептік кезең

Нысандар индексі: ЛУМТЖ

Ақпарат жинау кезенділігі: жыл сайын.

Ақпарат ұсынатын тұлғалар шеңбері: Аумақтарында ластану участекелері орналасқан

табиғат пайдаланушылар

Нысан қайда ұсынылады: Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның

аумақтық бөлімшелері

Нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын, есептік кезеңнен кейінгі 10 мамырға дейін;

Ластану участекелері белгілі болған жағдайдан кейін, 3 ай ішінде

1) тіркеу нөмірі _____

2) ластану участекесі орналасқан жердің схемалық картасы

Облыс	Аудан	Қала, кент	Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес аумақ коды (аумақтық бөлімше мамандары толтырады)	Географиялық координаттары
1	2	3	4	5

3) Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ) кодына сәйкес нәтижесінде ластану участкесі пайда болған шаруашылық және өзге қызметтің немесе табиғи

құбылыстың түрі _____

4) меншігінде/иелігінде ластану участкесі орналасқан аумақ бар табиғат пайдаланушы

Табиғат пайдаланушиның БСН/ЖСН _____

Табиғат пайдаланушиның атауы _____

5) жер санаты _____

6) ластану участкесінің өлшемдері

Ұзындығы, м	Ені, м	Тереңдігі, м	Алаңы, м	Ластауши заттардың түрі	Қауіптілік деңгейі	Агрегаттық жай күйі

7) орналастырудың техникалық шарттары:

Топырақ немесе араласуши тау жыныстарының сипаттамасы	Су откізбеушілік	Физикалық-механикалық қасиеттері
1	2	3

8) химиялық құрамы:

Ластауши заттар						нормативтер		
Атауы	Шоғырлануы, %			Көлемі, м3	суда	аудада	топырақта	
	Ең төмен	Ең жоғары	ортаса					
1	2	3	4	5	6	7	8	

9) ластауши заттар таралуы ықтимал жолдары:

Су бойынша	Ауа бойынша	Басқалар
1	2	3

10) ластану участкесінің зерделену дәрежесі:

Кім және қашан зерделеді	Есептілік материалдың атауы	Объектінің зерделенген параметрлері
1	2	3

11) ластану участкесі орналасу аумағының климаттық сипаттамалары

Климаттық жағдайлардың сипаттамасы

Жел өрнегі	5 м/сек астам жылдамдығымен желдер жиілігі	Жауын-шашындар түсімінің жиілігі
1	2	3

12) ластану участкесін оқшаулау және қалпына келтіру жөнінде іске асырылған
іс-шаралар

Ақпараттың дұрыстығы мен толықтығын растаймын.

Жасаушы (табиғат пайдаланушы):

T.A.Θ.A.

лауазымы

КОЛЫ

KYH1

Тіркеген:

T_A, ∂_A

КОЛЫ

KYH1

Ластану участкелерінің тізілімдік паспорттына косымша

Экімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме "Ластану участеклерінің тізілімдік паспорты" 1. Жалпы болім

1) "Ластану участекерінің тізілімдік паспорты" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан (бұдан әрі – Нысан) 2007 жылғы 9 қантардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 17 бабының 29) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2) Нысанды аумағында ластану участкелері орналасқан табиғат пайдаланушылар ұсынады.

2. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

1-ші бөлімде аумақтық бөлімшелер ластану участкесіне тіркеу нөмірін береді;

2-ші бөлімде табиғат пайдаланушылар ластану участкесі орналасқан жердің схемалық картасын ұсынады. "Облыс", "Аудан", Қала, кент", "географиялық координаттары" бағандарында табиғат пайдаланушылар сәйкес деректерді

толтырады; "Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес аумак коды" аумақтық бөлімшелердің мамандарымен толтырылады.

3-ші бөлімде Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес, нәтижесінде ластану участекі пайда болған шаруашылық және өзге қызметтің немесе табиғи құбылыстың түрі көрсетіледі;

4-ші бөлімде меншігінде/иелігінде ластану участекі орналасқан аумак бар табиғат пайдаланушы көрсетіледі;

табиғат пайдалануышының ЖСК/БСК көрсетіледі;

табиғат пайдалануышының атауы көрсетіледі;

5-ші бөлімде Жер кодексіне сәйкес жер санаты көрсетіледі;

6-шы бөлімде ластану участекінің параметрлері: ұзындығы (метрмен), ені (метрмен), терендігі (метрмен), алаңы (метр³-мен), ластаушы заттардың түрі, қауіптілік деңгейі, агрегаттық жай-күйі көрсетіледі;

7-ші бөлімде орналастырудың техникалық шарттары көрсетіледі, яғни, топырақ немесе араласуши тау жыныстарының сипаттамасы көрсетіледі.

Сипаттамада топырақ немесе тау жынысы, су өткізбеушілік және физикалық-механикалық қасиеттері көрсетіледі.

8-ші бөлімде ластанудың химиялық құрамы көрсетіледі:

"Атауы" бағанында ластаушы заттардың атауы толтырылады;

"Ең төмен" бағанында ластаушы заттардың ең төмен шоғырлануы (пайызбен) көрсетіледі;

"Ең жоғары" бағанында ластаушы заттардың ең жоғары шоғырлануы (пайызбен) көрсетіледі;

"Орташа" бағанында ластаушы заттардың орташа шоғырлануы (пайызбен) көрсетіледі;

"Көлемі" бағанында әрбір ластаушы заттар үшін көлемі (шаршы метрмен көрсетілген) көрсетіледі;

"Суда" бағанында әрбір ластаушы заттар үшін суда рұқсат етілген шекті мөлшер (әсер ету деңгейі қауіпсіздігін бағалау) көрсетіледі;

"Ауада" бағанында әрбір ластаушы заттар үшін атмосфера ауасында рұқсат етілген шекті мөлшер (әсер ету деңгейі қауіпсіздігін бағалау) көрсетіледі;

"Топырақта" бағанында әрбір ластаушы заттар үшін топырақтағы рұқсат етілген шекті мөлшер (әсер ету деңгейі қауіпсіздігін бағалау) көрсетіледі.

9-шы бөлімде ластаушы заттар таралуы ықтимал жолдары көрсетіледі:

"Су бойынша" бағанында жер үстіне/немесе жер асты суларының таралуының ықтимал жолдары көрсетіледі;

"Ауа бойынша" бағанында булану үстіне/немесе желмен таралуының ықтимал жолдары көрсетіледі;

"Басқалар" бағанында ластаушы заттар таралуы басқа да ықтимал жолдары (оның ішінде, өсімдік және жануар тарапынан да болатын ықтимал таралулар) көрсетіледі;

10-шы бөлімде ластану участкесінің зерделену дәрежесі көрсетіледі:

"Кім және қашан зерделеді" бағанында ластанған участкенің зерделеген үйымның толық атауы, сондай-ақ, зерттеу кезеңі көрсетіледі;

"Есептілік материалдың атауы" бағанында есептілік материалдың толық атауы көрсетіледі;

"Объектінің зерделенген параметрлері" бағанында ластанған участкенің зерделенген параметрлері (есептік материалдан алынған деректер) көрсетіледі.

11-ші бөлімде ластану участкесі орналасқан аумақтың климаттық сипаттамалары көрсетіледі:

"Жел өрнегі" бағанында румба бойынша деректер және "Қазгидромет" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынының (бұдан әрі – "Қазгидромет" РМК) есептік материалы/анықтамасынан жел бағдары көрсетіледі;

"5 м/сек астам жылдамдығымен желдер жиілігі" бағанында "Қазгидромет" РМК есептік материалы/анықтамасынан деректер көрсетіледі;

"Жауын-шашындар түсімінің жиілігі" бағанында "Қазгидромет" РМК есептік материалы/анықтамасынан деректер көрсетіледі.

12-ші бөлімде ластану участкесін оқшаулау және қалпына келтіру жөнінде іске асырылған іс-шаралар көрсетіледі.

Ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы табигат пайдаланушы ұсынатын деректерді табигат пайдалануышының тегін, атын және әкесінің атын (бар жағдайда), сондай-ақ атқаратын лауазымын көрсете отырып, растаумен қарастырылады.

Аумақтық бөлімше тарапынан жасаған адамның тегін, атын және әкесінің атын, сондай-ақ атқаратын лауазымын көрсете отырып, ластану участкесінің паспорттың тіркеу туралы растау көзделеді.

Ластану участкелерінің
мемлекеттік
тізілімін жүргізу қагидаларына
2-косымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ластану участкелерінің мемлекеттік тізілімі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – КР Энергетика министрінің 18.04.2017 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

"___" 20 жылғы есептік кезең

Нысан индексі: ЛУМТ

Ақпарат жинау кезеңділігі: жыл сайын.

Ақпарат ұсынатын тұлғалар шеңбері: Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық органдар (Экология департаменттері)

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Энергетика миинстрлігі

Нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын есептік кезеңнен кейінгі 10 мамырдан кешіктірмей;

Жаңа ластану участекелері белгілі болған жағдайда, ақпарат аумақтық тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгеннен кейін он құнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынылады.

Ластану участекесіне берілген тіркеу нөмірі	Ластану участекесінің орналасқан жері	Ластану участекесінің тізілімдік паспортын әзірлейтін табиғат пайдаланушы	Тізілімнен алып тастаудың күні мен негіздемесі
1	2	3	4

Ластану участекелерінің
мемлекеттік
тізіліміне қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыруға арналған түсініктеме Ластану участекелерінің мемлекеттік тізілімі 1. Жалпы бөлім

1) "Ластану участекелерінің мемлекеттік тізілімі" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысан (бұдан әрі – нысан) 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабы (29) тармақшасына сәйкес әзірленді;

2) Нысанды Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық органдар (Экология департаменттері) ұсынады.

2. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

1-ші бағанда ластанған участекеге берілген тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2-ші бағанда ластану участекесінің орналасқан жері көрсетіледі;

3-ші бағанда ластану участекесінің тізілімдік паспортын әзірлейтін - табиғат пайдаланушының толық атауы көрсетіледі;

4-ші бағанда тізілімнен алып тастаудың күні мен негіздемесі көрсетіледі (осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген шарттарды орындаған жағдайда толтырылады).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК